1) Шымкент қаласының білім басқармасының "№32 Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің конкурстық комиссия төрағасы Усейнова Халипа Абдуайткызының орнына, конкурстық комиссия төрағасы етіп Муратов Асилбек Еркинбековичке өзгертілсін.
2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Басқарма басшысының м.у.а. **Н. Ережепов**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БАС ПРОКУРАТУРАСЫ

ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНЫҢ
ПРОКУРАТУРАСЫ

ГЕНЕРАЛЬНАЯ ПРОК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ПРОКУРАТУРА ГОРОДА
ШЫМКЕНТА

160011,Қазақстан Республикасы,
Шымкент қаласы, Тауке-хан даңғылы,№97
тел.: 8 (7252) 54-82-34, кеңсе: 8 (7252) 53-07-11,
факс: 8 (7252) 54-58-62
www.shymkent.prokuror.gov.kz

160011,Республика Казахстан,
город Шымкент, проспект Тауке-хана,№97
тел.: 8 (7252) 54-82-34,8 (7252) 53-07-11,
факс: 8 (7252) 54-58-62
www.shymkent.prokuror.gov.kz

16.06.2020№ 2-40-20-08134

Шымкент қаласы
әкімінің орынбасары
М.П. Исаховқа

ҰСЫНУ

заңдылықты бұзушылықты жою туралы

Шымент қалалық прокуратурасы мемлекеттік сатып алу веб-порталында жарияланған мемлекеттік сатып алу рәсімінің заңдылығына мониторинг жүргізді.

Мониторинг нәтижесінде Шымкент қаласының мемлекеттік сатып алу басқармасы (бұдан әрі - Басқарма) тарапынан Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі – Заң) 9, 21-баптарының талаптарын бұза отырып, конкурстық құжаттамаға осы Заңда көзделмеген жағдайларда, әлеуетті өнім берушілер санының шектелуіне алып келетін негізсіз артық талаптардың қойылуына жол берілгендігі анықталды.

Атап айтқанда, 24.05.2020 жылы Басқарма ұйымдастырушы ретінде мемлекеттік сатып алу порталына **№4314947-2 «№89 мектеп-лицей ғимаратын ағымдағы жөндеу»** жұмысын біліктілікті алдын ала іріктеумен жүргізілетін конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуға хабарландыру жариялаған.

Конкурстық құжаттамаға сәйкес жалпы сомасы 34 085 938 теңге мөлшеріндегі бюджет қаржысына техникалық ерекшеліктерінде (2-2 қосымшасы) көрсетілген жұмыстарды атқару бекітілген.

Заңның 21-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық құжаттаманы Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасының талаптарын ескере отырып, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалған конкурстық құжаттаманың электрондық нысаны негізінде қазақ және орыс тілдерінде әзірлейді.

Сонымен қатар, конкурстық құжаттамада осы Заңның 9-бабында белгіленген біліктілік талаптары туралы және басқада мәліметтер қамтылуға тиіс (Заңның 21-бабы 2-тармағы).

Заңның 9-бабының 2-тармағына сәйкес осы баптың 1-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген:

1) мемлекеттік сатып алуға әлеуетті өнім берушілердің **қатысуын шектейтін және негізсіз күрделендіретін**;

Документ подписал: Ержаппар Берген, 16.06.2020 16:10:31
ИС «Қадағалау»20171213

2) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша **міндеттемелерді орындау қажеттігінен тікелей туындамайтын біліктілік талаптарын белгілеуге жол берілмейді.**

Өз кезегінде, қосымшаға сәйкес Шымкент қаласының №89 мектеп-лицей ғимаратын ағымдағы жөндеуге және спорттық алаң орналастыруға байланысты жұмыстар қарастырылған.

Алайда осы техникалық ерекшеліктерінде көрсетілген жұмыстарды атқаруға қатысты әлеуетті өнім берушіге ұсынылған біліктілік талаптарында (конкурстық құжаттамаға 1-3 қосымшасы) міндетті түрде болуы тиіс материалдық ресурстардың қатарында 2 бульдозер, 2 өздігінен жүретін 8 тонналық тегіс жол тегістегіш каток, 4 көтергіштігі 10 тонна болатын автокран, 1 автогрейдер және 2 өздігінен жүретін 13 тонналық тегіс жол тегістегіш катогы қарастырылған.

Одан бөлек еңбек ресурстарының қатарында 5 машинист-тракторшы және 2 автокран жүргізушілерінің болуы міндеттелген.

Бұл орайда, Басқарма тарапынан конкурстық құжаттаманың қосымшаларына материалдық және еңбек ресурстарына қатысты біліктілік талаптарын айқындау барысында өнім берушілердің **қатысуын шектейтін және күрделендіретін,** сонымен қатар жұмыстарды **орындау қажеттігінен тікелей туындамайтын негізсіз** талаптар қоюға жол берген.

Яғни, аталған жұмыстарды атқаруға көрсетілген құрылыс техникаларын пайдалану міндеттелмейді.

Осы іспеттес заңдылықты бұзушылықтар **№№4309274-1, 4309400-1, 4309474-1, 4309786-1, 4309835-1, 4310025-1, 4310082-1, 4310155-1, 4310182-1, 4310333-1, 4310479-1, 4310562-1, 4310593-1, 4310643-1, 4310755-1, 4310849-1, 4310939-1, 4311023-1, 4311096-1, 4311150-1, 4311200-1, 4314440-1, 4314667-1, 4314738-1, 4314798-1, 4314860-1, 4314893-1, 4315220-1, 4315257-1, 4315446-1, 4315535-1, 4315666-1, 4315967-1, 4316057-1, 4316137-1, 4316208-1, 4316333-1, 4316432-1, 4317585-1, 4318054-1, 4321498-1, 4322135-1, 4322919-1, 4315611-1, 4315137-2, 4315076-2, 4314947-2, 4309890-2, 4309367-2, 4334482-1, 4334978-1, 4335895-1, 4337193-1** мемлекеттік сатып алу конкурстарын жүзеге асыру барысында да жол беріліп, заңсыз жариялаған.

Осылайша зерделеу нәтижесінде жалпы **504,7 млн.** теңге соммаға **53** заңсыз жарияланған біліктілікті алдын ала іріктеумен жүргізілетін конкурстар анықталды.

Осыған байланысты зерделеу нәтижесінде мемлекеттік сатып алу барысында анықталған жүйелі бұзушылықтарды жоюға, сондай-ақ оларды болдырмауға бағытталған шұғыл шаралар қабылдау қажет.

Өз кезегінде уәкілді мемлекеттік органның мәліметіне сәйкес қала аумағында әрекет етуші 2 504 кәсіпкерлік субъектілері құрылыс салысында өз қызметтерін жүзеге асыруда.

Орын алған бұзушылықтар әлеуетті өнім берушілердің Кәсіпкерлік кодекстің (бұдан әрі - Кодекс) 3-бабының 2-тармағы 2, 3, 5) тармақшаларында айқындалған кәсіпкерлік еркіндігіне, теңдігіне, адал бәсекелестікке қатысты қағидаттарына қайшы келеді.

Кодекстің 9-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік органдар мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру кезінде кәсіпкерлік субъектілерінен Қазақстан

Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көзделмеген құжаттарды және (немесе) қосымша мәліметтерді ұсынуды талап етуге құқылы емес.

Бұл ретте Кодекстің 26-бабы 1-тармағы 1) тармақшасында белгіленген кәсіпкерлік қызметтің кез келген түрлерін жүзеге асыруға, тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер нарықтарына қол жеткізу еркіндігін жүзеге асырудағы құқықтарының шектелуіне жол берілуде.

Сондай-ақ Заңның 49-бабында мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы бұзған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықтың туындайтындығы көрсетілген.

Жоғарыда көрсетілген бұзушылықтар мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы тараптарынан қолданыстағы заңнаманы жетік білмеуінен және өз міндеттерін тиісінше орындамауы салдарынан орын алған.

Жоғарыдағылардың негізінде, «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 27-бабын басшылыққа алып,

ҰСЫНАМЫН:

1. Осы ұсынуды қарап, онда көрсетілген бұзушылықтарды, оларға ықпал еткен себептер мен жағдайларды жоюды және келешекте болдырмауға келесі шараларды қабылдауды:

- өзіне жүктелген міндеттеріне немқұрайлы қарап, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның талаптарының бұзылуына жол берген лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін шешуді;

- заңсыз жарияланған біліктілікті алдын ала іріктеумен жүргізілетін конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы хабарландырулардың күшін жою арқылы заң талаптарына сәйкестендіруге шараларды қарастыруды;

- алдағы уақытта мемлекеттік сатып алу туралы заңының талаптарын дұрыс қолдануына бағытталған тиісті әдістемелік іс-шараларын жүргізуді.

2. Ұсынуды қараудың уақыты мен орны туралы, прокуратура қызметкерлерінің қатысуы үшін ұсыну қаралатын күнге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей қала прокуратурасына хабарлауды.

3. Ұсынудың қаралғаны жөнінде толық ақпаратты және қабылданған шаралар туралы растайтын құжаттардың көшірмелерін тіркей отырып қала прокуратурасына заңда белгіленген мерзімде хабарлауды.

Қала прокурорының
орынбасары **Б. Ержаппар**

орынд.: А. Доматов
тел.: 53 90 67, 8 700 7888200
эл/п: 7252651@prokuror.kz